

БАЛАБАҚШАДА ОРЫН БАР МА?

4-БЕТ | КЕРЕК КЕҢЕС



ҚАЙРАТКЕРДІҢ ҚАДІРІ КЕТТІ МЕ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



СЫН САҒАТТА СЕРІК БОЛҒАН...

6-БЕТ | «АСТАНА АҚШАМЫ» – 35

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Өнер үшін, яки өнерпаз үшін бір-ақ өмір бар, ол – ізденіс, үздіксіз іздеу, табу, ашу, Бұдан жалықққан жерде әуелі өнердің күні, сосын өнерпаздың күні таусылады.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

№84
(4828)
Сенбі
19 шілде
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



«АДАЛ АЗАМАТ» – МЕКТЕПТЕ

Жаңа оқу жылынан бастап еліміздегі барлық білім беру ұйымында тәрбие жұмысы «Адал азамат» атты біртұтас бағдарлама негізінде жүргізіледі.

«Адал азамат» біртұтас бағдарламасы – «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының жалғасы. Тек мазмұны жаңарып, Мемлекет басшысының «Адал азамат – адал еңбек – адал табыс» идеологиялық қағидасымен үндестірілген. Бағдарлама адал, еңбекқор, елжанды азаматтар тәрбиелеуді көздейді. Мектептердегі тәрбие ісі мемлекеттік органдармен, құқық қорғау, денсаулық сақтау, ішкі саясат саласындағы құрылымдармен тығыз жүргізіледі. Сонымен қатар буллингтің, құқық бұзушылық пен балалар арасындағы қауіптің алдын алуға бағытталған «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам», «Буллингтен қорған!», «Қауіпсіз қоғам» жобалары жалғасады.



ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ

10 тамызда мыңдаған қазақстандық Астанаға жиналып, бүйрек, бауыр, жүрек және өкпе трансплантациясын күтіп жүрген пациенттерге қолдау көрсетеді. Ресми мәліметтерге сәйкес, бүгінгі таңда елімізде «күту парағында» 4 мыңнан астам адам тұр, оның ішінде балалар да бар.

Медицина саласы дамып келе жатқанына қарамастан, трансплантология тақырыбы Қазақстан үшін әлі де өзекті. Республикалық үйлестіру және трансплантация орталығының деректеріне сәйкес, «күту парағында» 4117 адам бар, олардың 96-сы – балалар. Бұл пациенттердің 3,7 мыңнан астамына бүйрек трансплантациясы қажет, 342 адам бауыр мен жүрек трансплантациясын күтіп отыр, шамамен 30 пациент өкпе ауыстыруды қажет етеді. Маңызды мәселеге қоғам назарын аудару және өмір үшін күресіп жүрген пациенттерге қолдау көрсету мақсатында Астанада 2018 жылдан бері «Jüregımnıñ jenımpazy» атты жүгіру фестивалі өтіп келеді.



Сұлтан СЕЙІТ

ҚАЛА КӨРКІ – САЯБАҚ


Елорданың ажарын ашып, сәнін келтіріп тұрған нысандардың бірі – саябақтар. Қала тұрғындары мен қонақтары демалыс уақытын саябақтарда өткізсе, сан алуан бұқаралық іс-шара да осында ұйымдастырылады. Сондықтан саябақтардың инфрақұрылымын дамытуға ерекше талап қойылады. Астана қаласы мәслихатының депутаттар тобы қаладағы бірнеше саябақтың жұмысына мониторинг жүргізді.



ЖҮГІНІҢІЗ, SOS КӨМЕКТЕСЕДІ

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бас қала аумағында 25 арнайы SOS батырмасы орнатылған. Бұл батырмалар арқылы тұрғындар шұғыл жағдайда бірден полицияның көмегіне жүгіне алады.

Астана тұрғындары SOS батырмасын пайдалана бастады. Солардың бірі – жақында елордадағы теміржол вокзалы маңында болған оқиға. Кешкі сағат 22:00-ден кейін белгісіз тұрғын вокзал маңында кішкентай баланың жалғыз жүргенін байқап, алаңдаушылық білдіріп, жақын маңдағы SOS батырмасы арқылы полицияға хабар берді. Патрульдік полиция қызметкерлері жедел түрде оқиға орнына жетіп, 9 жастағы баланы тауып, түсіндіру жұмысын жүргізіп, баланы анасына аман-есен тапсырады. Полиция қызметкерлері SOS батырмаларының қала қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қаншалықты маңызды екенін айтып, шұғыл жағдайда пайдалануға шақырады.



Астана қаласының Көлік және жолкөлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы Сығанақ көшесінің Сауран көшесінен Ақмешіт көшесіне дейінгі жол төсеміне орташа жөндеу жүргізілетінін хабарлады.

«Жөндеу жұмыстарына байланысты 21 шілдеге дейін көрсетілген учаскеде қозғалыс ішінара жабылды. Осы уақытта көлік қозғалысы екі бағытта бір жағынан кезең-кезеңімен ұйымдастырылады. Елорда тұрғындары мен қонақтары қала жолдарында кептеліс болдырмас үшін қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауы қажет» делінген басқарманың хабарламасында.

№84 (4828) 19/07/2025 Сенбі



МЕМЛЕКЕТ ҚАРАЖАТЫН БАҚЫЛАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Президент Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайыловты қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы I жартыжылдықта 20 триллион теңгені қамтитын 12 мемлекеттік аудит жүргізілгені туралы баяндалды. Бұл 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 7,1 есеге артық.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, аудиторлық тексерістер орта білім беру, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, цифрлық даму, электр энергетикасы және жоғары жетістіктер спортын қаржыландыру секілді негізгі салаларды қамтыған.

Үкіметке және аудит жүргізілген нысандарға 60-тан астам ұсыным мен 450 тармақтан тұратын ұйғарым берілді. 20 факті бойынша іс материалдары құқық қорғау органдарына жолданды.

Президентке Жоғары аудиторлық палатаның ұсынысымен әзірленген заңнамалық бастамалар жөнінде егжей-тегжейлі мәлімет берілді. Мәселен, енді Жоғары аудиторлық палата бюджеттен тыс қорларды тексеру құзыретіне ие болды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында Ұлттық қор қаржысын мониторингтеу жөніндегі комиссия жұмысы қайта ұйымдастырылды. Бұл қор қаражатының жұмсалуына бақылауды күшейтіп, жариялылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, жылыту маусымына дайындыққа салғырт қарағаны үшін жылумен қамтамасыз ететін кәсіпорындар мен олардың бірінші басшыларының жауапкершілігін күшейту, сондай-ақ нарықтың барлық субъектілеріне арналған тауарлы газдың бөлшек бағасына мемлекеттік бақылауды кеңейту секілді маңызды бастамалар бар.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аудит жүйесін кезең-кезеңімен дамытуды тапсырды. Бұл ретте оның тиімділігі мен ашықтығына баса мән берген жөн. Президент мемлекет қаражатының жұмсалуын бақылауға заманауи цифрлық технологияларды енгізу маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар басы артық шығындарды азайту, ұлттық ресурстардан түсетін пайданы барынша еселеу қажет екеніне назар аударды.

МЕГАПОЛИС ҚАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛАДЫ

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне астананы және республикалық маңызы бар қалаларды, ұлттық жобаларды дамыту, кәсіпкерлік және мемлекеттік органдардың функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Түзетулердің бірінші блогы елорда мен республикалық маңызы бар қалаларды дамытуға бағытталды.

Түзетулердің екінші блогы жер заңнамасының жекелеген мәселелерін реттеуді көздейді.

Түзетулердің үшінші блогы шетелдіктерді тіркеу институтын енгізу үшін қабылданды.

Түзетулердің төртінші блогы кеден мәселелерін реттеуге бағытталған.

Түзетулердің бесінші блогы өкілеттіктерді орталықсыздандыру, сондай-ақ нормаларды артық заңнамалық регламенттеуді болдырмау үшін енгізіліп отыр.

Түзетулердің алтыншы блогы жылу, энергия және судың үздіксіз берілуін қамтамасыз ету үшін кезек күттірмейтін инфрақұрылымдық проблемаларды шешу мақсатында энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асырумен байланысты.

Түзетулердің жетінші блогы мемлекеттік аудит процесін жетілдіру үшін енгізілді.

Түзетулердің сегізінші блогы бағалау қызметі туралы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Заңның мәтіні баспасөзде жарияланады.



ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ КАРТАЛАРЫ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Премьер-министр Олжас Бектенов Цифрландыру мәселелері жөніндегі комиссияның отырысын өткізді. Онда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске қосылған суперкомпьютер негізінде жасанды интеллект экожүйесін дамыту бағыттары қаралды. QazTech платформасы базасында салалар мен мемлекеттік органдардың жұмысын одан әрі цифрлық трансформациялауға назар аударылды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев ЖИ инфрақұрылымын құру туралы баяндады. Оның айтуынша, мемлекеттік органдардың деректерді өңдеу орталығы таяуда іске қосылған суперкомпьютерге кірікті. Қазақстанда институционалдық ортаны қалыптастыру үшін 2024-2029 жылдарға арналған ЖИ-ді дамыту тұжырымдамасы бекітілді, «Жасанды интеллект туралы» заң жобасы әзірленді. ЖИ саласында кадрлар даярлау үшін AI Corporate, TUMO Center, AI People және тағы да басқа білім беру бағдарламалары іске асырылады. E-agent, egov AI, AI-терапевт, tax helper, SDU және E-аудармашы сияқты әзірленіп жатқан цифрлық шешімдер туралы мәліметтер тыңдалды.

Отырыс барысында салаларды цифрлық трансформациялау қарқыны қаралды. QazTech ұлттық платформасы цифрлық өнімдерді жедел құруға арналған. Министрдің айтуынша, цифрландырудың платформалық моделін енгізу жаңа IT-шешімдерді іске қосу мерзімін 1,5-3 жылдан 6 айға дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Платформа бірыңғай стандарттарды, security by design қағидаты бойынша қауіпсіздікті және бұлтты технологияларды қолдануды қамтамасыз етеді. QazTech сынақтары ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес аяқталды, толық іске қосу тамыз айына жоспарланған. Бүгінгі таңда QazTech платформасында мемлекеттік органдардың бірыңғай интернет-порталы, Smart Bridge, Экология және табиғи ресурстар министрлігіне тиесілі қоршаған ортаның ұлттық мәліметтер базасы және тағы басқалар жұмыс істейді.

Мемлекет басшысының тапсырмалары шеңберінде барлық мемлекеттік орган бір уақытта озық халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, соның ішінде Сингапур тәжірибесін қоса алғанда, цифрлық трансформация карталарын әзірлеуде. Олар жасанды интеллект пен заманауи технологияларды қолдана отырып, негізгі процестерді жеңілдетуге және жеделдетуге бағытталған. Басты назар ескірген процедураларды қайта өңдеуге, деректерді цифрландыруға, сондай-ақ, E-Otinish, 109 және әлеуметтік желілер арқылы келіп түскен азаматтардың сұраныстарын қайта өңдеуге аударылған. Карталар шеңберінде негізгі басымдық үдерістердің реинжинирингіне және жасанды интеллектті қоса алғанда, перспективалы технологияларды енгізуге берілген.

Премьер-министр іске қосылған суперкомпьютерді қоса алғанда, құрылып жатқан ЖИ ұлттық инфрақұрылымы мемлекеттік органдардың қызметіне жасанды интеллект енгізу жөніндегі жұмысты жандандыра түсуде үлкен мүмкіндік беретініне назар аударды. Олжас Бектенов бір айдың ішінде цифрлық трансформация карталарына қатысты жұмысты аяқтауды тапсырды. Олар ЖИ-ды интеграциялауға негіз болмақ, сондай-ақ бизнеске де мемлекеттік деректер базасында өз жобаларын жасауға мүмкіндік береді.

ВЕДОМСТВОЛЫҚ БӨЛІМШЕНІҢ ЕРЕЖЕСІ БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметін жетілдіру туралы Жарлыққа қол қойды. 2025 жылғы 14 шілдедегі құжатқа сәйкес, ҚР ҰҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі туралы ереже бекітілді.

Ережеге сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомстволық бөлімшесі және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша өкілетке ие.

Орган тиісті өкілет болған кезде азаматтық-құқықтық қатынастарда мемлекеттің мүддесін білдіруге құқылы. Бұл ретте бизнес субъектілерімен оның құзыретіне кіретін функцияларды орындау үшін шарттар жасасуға тыйым салынады.

Негізгі міндеттері:

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

– сотқа дейінгі тергеп-тексерулерді жүзеге асыру;

– жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметін жүргізу;

– сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпарат берген адамдарды қорғау;

– сыбайлас жемқорлық туралы істер бойынша тәркіленген мүлікті қадағалау және өткізу;

– халықаралық келісімдер шеңберінде мемлекеттік органдармен және шетелдік әріптестермен өзара іс-қимыл жасау.

Бұдан басқа, құқық бұзушылық туралы өтініштерді қабылдау мен тіркеуді жүргізеді, заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді, азаматтар мен ұйымдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кеңес береді, сондай-ақ қызметтік мүліктің, оқ-дәрілердің және қорғау құралдарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Бөлімшенің қызметін қамтамасыз ету шеңберінде материалдық-техникалық жарақтандыру, жауынгерлік кезекшілікті ұйымдастыру, оқу іс-шараларын өткізу, ақпарат қауіпсіздігі жөніндегі шараларды іске асыру, шифрлау және коммуникациялық жүйелердің жұмыс істеуі көзделген.

Сондай-ақ ҰҚК туралы жалпы ережеге өзгеріс енгізілді. Комитет міндеттерінің тізбесіне сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау және тергеу қосылды. Комитет аумақтық қорғаныс міндеттерін іске асыруға қатысуды және мазмұны бюджеттен қаржыландырылатын жабық әскери объектілердің тізбесін бекітуді қоса алғанда, қосымша функцияларға ие болды.

Жаңа редакцияда тұрғын үй комиссияларының қызметіне, ақпараттық жүйелерге, сондай-ақ қолданыстағы резервтің қызметкерлері мен әскери қызметшілеріне тұрғын үй төлемдерін беру тәртібіне қатысты нормалар баяндалған. Жарлық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР


Қытайдың геологтар тобы елдің Ішкі Моңғолия автономды ауданынан бұрын беймәлім болып келген сирек кездесетін минералдың ірі кенішін тапты.

Халықаралық минералогия қауымдастығы ресми түрде Huanghoite-(Nd) деп атаған жаңа минерал құрамында теңіз жел генераторлары мен электромобильдерге арналған қозғалтқыштарды қолдануда шешуші элемент саналатын жоғары деңгейдегі неолимі бар карбонатты минерал табылды.



АҚШ оңтүстік-батыс шекарасында Мексикамен екі елді бөліп тұрған қазіргі темір қоршауды күшейту мақсатында жаңа «қосымша» қабырға салуға кірісті.

Ұзындығы шамамен 7 миль (11 шақырым) болатын қабырға Нью-Мексико штатында бой көтеріп жатыр. Бұл шекарадағы «маңызды» олқылықтарды жабу мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша операцияларды жақсарту жоспарының бір бөлігі екені АҚШ Кеден және шекара қызметінің мәлімдемесінде айтылған.



Мысырда шөл далада Ніл өзенінен су алатын жаңа қала бой көтереді.

Оған Ніл өзенінің жылдық квотасының шамамен 7 пайызы бағытталады. Су тапшылығы проблемасына тап болған Мысыр билігі бұл жобаның мемлекеттік активтердің құнын арттыруға және жер бағасын көтеруге көмектесетініне үміттеніп отыр. Каир қаласының орталығынан 42 шақырым батыста орналасатын 6,8 млн шаршы метр Джириан қаласына күн сайын Нілден шамамен 10 миллион текше метр су жеткізіледі.

№84 (4828) 19/07/2025 Сенбі

САЯБАҚТАР ТИІСТІ ТАЛАПҚА САЙ МА?

Бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін бақылау мақсатында Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден бастаған депутаттар қоғамдық кеңістіктерге, саябақтар мен алаңдарға көшпелі мониторинг жүргізді.



Қалалық мәслихат депутаты Бауыржан Смайыловтың айтуынша, мұндай іс-шаралар орындалған жұмыстардың бұрын бекітілген жоспарларға сәйкестігін тексеруге ғана емес, сонымен қатар қала тұрғындарының пікірлерін тыңдауға, жергілікті жерлерде бар проблемаларды анықтауға және оларға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Алғашқы нысан Ататүрік атындағы саябақ болды. Депутаттар үшін соңғы жылдары жаңғыртылған саябақ инфрақұрылымының, атап айтқанда, жаяу жүргіншілер жолдарының, жарықтандырудың, жасыл желектің, орындықтардың және демалыс алаңының ағымдағы жағдайын бағалау маңызды. Аралау барысында саябақта, әсіресе кешкі уақытта қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бейнебақылау камераларының жеткіліктілігі мәселесі талқыланды. Пандустар мен навигация көрсеткіштерін қоса алғанда, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімділікті жақсарту бойынша ұсыныстар айтылды.

«Жетісу» саябағында абаттандыру сапасына, аумақты күтіп ұстау мәселесіне ерекше назар аударылды. Сонда депутаттар құрап қалған жасыл желектің жағдайын, кейбір аймақтарда қоқыс жәшіктерінің болмауын талқылап, оларға тұрғындар жақын жерде орналасқан ойын-сауық нысандарының тыныштықты бұзатынына шағымданды.

Мәслихат депутаттары қаланың қоғамдық кеңістіктері үшін дизайн және қызмет көрсету бөлігінде бірыңғай стандартты әзірлеу қажеттілігін айтты. «Мұндай нысандар қағаз жүзінде абаттандырылып қана қоймай, тұрғындарға іс жүзінде қызмет етіп, жайлы, қауіпсіз және құрылғылары пайдалануға мықты болуы маңызды» дейді қалалық мәслихат депутаты Бауыржан Смайылов.

Аралау қорытындысында мәслихаттың алдағы отырыстарында қала тұрғындары басымдық беріп жатқан мәселелер мен нақты қажеттіліктер ескеріледі. Қоғамдық кеңістіктерді жақсартуға бағытталған бюджеттік шығыстар бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар талқыланады.



ЖАС ҰРПАҚ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Елорданың Сарыарқа ауданы әкімдігінде кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.



Комиссияның негізгі мақсаты – балалардың құқығын қорғау, олардың заңды мүддесін қамтамасыз ету, өмірде қиын жағдайға тап болған жасөспірімдерге қолдау көрсету, сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын жүйелі түрде үйлестіру.

Отырыста жасөспірімдердің өмір сүру салты, тәртібіне қатысты 2 іс қаралды. Бұл істердің әрқайсысы – бала тағдырына тікелей әсер ететін маңызды мәселелер. Сондықтан мұндай жағдайлардың алдын алу үшін комиссия мүшелері, мемлекеттік органдар, білім беру және денсаулық сақтау мекемелері, құқық қорғау органдары өзара тығыз жұмыс жүргізеді.

Непалдың таулы аймақтарына дрон арқылы жүк жеткізу жобасын Airlift Technology компаниясы жүзеге асырып жатыр.

Осы жылдың наурыз-мамыр аралығында ұшқышсыз аппараттар Эверестегі бірінші лагерге арқан, саты және оттегі баллондарын жеткізді. Ал қайтарда оларға тауда жиналған қалдықтар артылды. Мұндай жолмен 6 мың метр биіктен жылына шамамен 1 тонна қоқысты тасымалдауға болады. Бастама халықаралық ұйымдардың қолдауымен жүзеге асқан.



«Барселона» клубы Конго Демократиялық Республикасымен 44 млн еуро тұратын төрт жылдық ірі демеушілік келісімге қол қоюға жақын.

Бұл келісім бойынша клуб жылына 11 миллион еуро алады. Каталония клубы елдегі туризмді ілгерілетуге бағытталған «Демократиялық Конго – Африканың жүрегі» логотипін клуб жейдесіне орналастырады. Маусым айының басында Франция 1-лигасының «Монако» клубы да африкалық елмен осындай келісімге қол қойған еді.

Астана қалалық мәслихатының депутаттары Тексеру комиссияның кезекті отырысына қатысып, мемлекеттік мұқтаждықтар үшін жер учаскелерін алып қоюға бөлінген қаражат пен активтерді пайдаланудың тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің нәтижелерін талқылады.

АУДИТ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Аудит 2022-2024 жылдар аралығындағы Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы мен «Қалалық жылжымайтын мүлік» кәсіпорнының қызметін қамтыды. Жиында бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау мен орындау, алып қою рәсімдерінің заңдылығы, өтемақыларды уақытылы төлеу, сондай-ақ мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері қаралды. Талқылау қорытындысы бойынша анықталған заң бұзушылықтарды жою және жер учаскелерін алып қою үдерістерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірленді.



КЕҢЕС БЕРУ ШТАБЫ ҚҰРЫЛДЫ

«Биг Шанхай» базары аумағындағы үш қабатты ғимаратта болған өртке байланысты түсіндіру штабы жұмысын бастады.

Өрт салдарынан зардап шеккен жалға алушыларға, кәсіпкерлерге және базар қызметкерлеріне кеңес беретін штаб Алаш тасжолы, 30а мекенжайындағы «Anuar» супермаркетінің 3-қабатында орналасқан. Ақпарат және кеңес алу үшін колл-орталық жұмыс істейді. «Биг Шанхай» базарының әкімшісі: +7-778-141-83-13, Тоғжан.

Әркім өзекті ақпарат, құқықтық, қаржылай және басқа да мәселелер бойынша кеңес алып, әрі қарайғы іс-әрекетті айқындауға көмек сұрай алады. Оқиға орнында ТЖД, Полиция департаменті, әкімдік, Инвестиция және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы, базар өкілдері кезекшілік етіп, кеңес беруде.

Қазіргі уақытта салық төлемдері мен банк міндеттемелері бойынша кейінге шегеру мәселесі қарастырылып жатыр. Сауда орны зардап шеккен кәсіпкерлердің тізімі банктер мен қаржы ұйымдарына жіберіліп, қолдау шараларын әрі қарай қарау жоспарланып отыр.

«Биг Шанхай» базары директорының айтуынша, алдағы бірнеше күн ішінде зардап шеккен барлық кәсіпкерге баламалы сауда орындарын ұсыну мәселесі шешіледі.

ҮЗДІК ПЕДАГОГ

Құрметті педагогтер! 2025 жылдың 28 шілде күні республикалық «Үздік педагог-2025» байқауының қалалық кезеңі басталады. Конкурсқа құжаттар 28 шілде мен 5 тамыз аралығында қабылданады.

Конкурсқа мектепке дейінгі, орта, арнайы, мамандандырылған, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан штаттағы педагогтері қатыса алады. «Үздік педагог» атағына білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін және құжаттарды тапсыру кезінде кемінде 5 жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар педагогтер үміткер бола алады. Байқау аясында педагогтің білім саласын дамытуға қосқан үлесі, ұстаз қызметінің тиімділігі мен оның кәсіби шеберлігі ескеріледі. Байқаудың барлық кезеңі, яғни қатысушыларды тіркеуден бастап республикалық кезеңнің қорытындысын шығаруға дейін толығымен цифрландырылған.

Елордалық педагогтер 2025 жылғы 28 шілде мен 5 тамыз аралығында https://uzdikustaznobd.edu.kz/#/sign-in веб-сайтында құжаттарын жүктейді.

6-15 тамыз аралығында қалалық комиссия мүшелері педагогтерді бағалап, байқаудың қорытындысы шығады.

Ең жоғары балл жинаған 10 педагог қалалық кезеңнің жеңімпазы деп танылып, байқаудың республикалық кезеңіне қатысуға мүмкіндік алады.

№84 (4828) 19/07/2025 Сенбі

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Астана қаласы Коммуникациялар қызметі алаңында қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының биылғы жартыжылдық жұмысының қорытындысы шығарылды. Тиісті баяндаманы аталмыш басқарманың басшысы Илья Скуб жасады.

Оның айтуынша, қала әкімдігі жыл сайын 200 мыңға жуық адамды тегін қызмет көрсету және ақшалай төлемдер секілді әлеуметтік қолдаумен жүйелі түрде қамтиды. Бұл көмек зейнеткерлерге, соғыс ардагерлеріне, мүмкіндігі шектеулі жандарға, көпбалалы отбасыларға және аз қамтылған азаматтарға көрсетіледі. Жалпы қазір елордада «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған 35 мыңнан астам көпбалалы отбасы мен 7 мыңнан астам көпбалалы ана, 38 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан, 10 мыңнан астам ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасы тұрады.

Аз қамтылған азаматтардың кедейлік шегінен төмен табыстарын (41 987 теңге) ескере отырып, атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) көрсетіледі. Бүгінгі күні есепті тоқсанға құжаттар қабылдау басталды. Жыл басынан бері 1 359 отбасы (6 930 адам) қамтылды. Соның ішінде 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар үшін 1 200 отбасыға (2 319 бала) қосымша төлем төленді.

2025 жылдың 6 айында тұрғын үй көмегі 533 отбасын немесе 671 адамды қамтыды. Соның ішінде көмір сатып алуға 92 отбасыға 16 АЕК көлемінде көмек көрсетілді. Тұрғын үйлерді газдандыруға көмекті (130 АЕК) 80 отбасы алды. Тіс протездеу қызметі 1 418 адамға, емдеу қызметі 1 406 адамға көрсетілді. 2 771 адам жеңілдікпен курорттық емге жіберілді. Коммуналдық қызметтерге, тұрғын үйді ұстауға, телефон абоненттік төлеміне 1-ден 8 АЕК-ке дейін ақшалай өтемақы, елорданың ресми мерзімді басылымдарына жазылуға, монша, шаштараз, мәдени-сауықтыру, спорттық іс-шараларға баруға 6,5 АЕК көлемінде ақшалай төлемдер берілді.

Әлеуметтік маңызы бар ауруларды (ЖИТС, қатерлі ісіктер) емдеуге әлеуметтік көмек көрсетілді. Жыл басынан бері әлеуметтік маңызы бар дертке шалдыққан балаларға айына 25 АЕК көлемінде, туберкулезбен ауыратындарға 10 АЕК көлемінде ай сайынғы төлемдер төленді. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған 169 адамға 15 АЕК мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек берілді.

«Тілсіз жаудың» кесірінен баспанасынан айырылған немесе жылжымайтын мүлкі бүлінген отбасыларға 400 АЕК көлемінде көмек көрсетіледі. Биылғы бірінші жартыжылдықта бұл көмекпен 101 адам қамтылды.

Астананың жоғары оқу орындарында күндізгі бөлімде оқу ақысын төлеуге жыл сайынғы әлеуметтік көмек алуға өтініштер қабылдана бастады. Әлеуметтік көмек Астана қаласының жалпы білім беретін мектептерінің түлектеріне көрсетіледі. Соның ішінде жетімдер, балалар үйінің түлектері, бала кезінен мүгедектер, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы отбасылардан шыққан балалар, асыраушысынан айырылған жағдайда мемлекеттік жәрдемақы алатын азаматтар бар. Өтініштер осы жылдың 23 тамызына дейін қабылданады.

Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған бірқатар іс-шаралар өткізілді. Ұлы Отан соғысының 6 ардагері, басқа мемлекеттер аумағындағы соғыс қимылдарының 1 098 ардагері, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне жеңілдіктер бойынша 499 адам қамтылды.

«Басқарманың басым міндеттерінің бірі – мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау және оларды оңалту. Елордада шамамен 38 мың мүгедектігі бар адам (ересектер – 27 140 адам, балалар – 10 869 адам) тұрады. 2025 жылдың 6 айында Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы мүгедектерге 21 705 бірлік техникалық оңалту құралдары мен қызметтері ұсынылды. Мүгедектігі бар адамдарға, жүріп-тұруында қиындықтары бар адамдарға және мүмкіндігі шектеулі балаларға «Инватакси» көлігінің тегін қызметі көрсетіледі. «Инватакси» қызметі 5 бағыт бойынша 129 «Инватакси» автокөлігін пайдалана отырып, күніне орта есеппен 1 167 тасымалдау көрсетіледі» деді Илья Скуб.

Оның айтуынша, «Инватакси» саны 2022 жылы 80-нен 2023 жылы 117 көлікке артты. Қызмет алушылардың саны 1 186 адамға өсті. Бүгінгі таңда қызмет алушылардың жалпы саны – 2 778 адам. Осы жылдың наурыз айынан бастап «Smart Astana» қосымшасы арқылы мүгедектердің қызметтерді алуын растау үшін QR-код жүйесі орнатылды. Қызмет алушыларды толық қамту, сондай-ақ инватакси қызметтерін көрсету механизмін өзгерту, сапасы мен жылдамдығын арттыру аясында елордада «Яндекс Go» қызметі арқылы қанатқақты жоба іске жалғасып жатыр. Жоба іске қосылғаннан бері оған 1 098 адам қатысып, 200 мың саяхат жасалды.

«Қала әкімдігі 2023-2027 жылдарға арналған мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз орта сапасының мониторингін қамтамасыз ету жөніндегі жол картасын бекітті. 2020 жылдан бастап объектілерді пайдалануға беру кезінде мүгедектердің қолжетімділігін қамтамасыз ету бөлігінде объектінің сәйкестігі туралы декларацияға қол қоюға 2 069 декларация ұсынылды. Соның ішінде 798 өтінішке қол қойылды. Тиісті талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты 1 287 өтінішке қол қоюдан бас тартылды» деді басқарма басшысы.

Жыл сайын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін үкіметтік емес ұйымдарды қаржыландыру жүзеге асырылады. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ҮЕҰ саны 2019 жылы 5-еу болса, 2025 жылы 8-ге жетті. 2019 жылдан бері қызмет алушылар саны 2 еседен астам өсіп, бұрын 1 823 адам болса, қазір 3 747 адам болды. Жыл басынан бері жан басына қаржыландыру бойынша қызметтерді тиімді көрсету мақсатында арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын ұйымдарды лицензиялау жұмыстары жүргізілуде.

«Лицензиялауды енгізу – арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету жүйесін жаңғырту кезеңдерінің бірі. Ол көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарының сақталуына және қорғалуына кепілдік беруге, ұйымдар үшін бірыңғай стандарттарды белгілеуге бағытталған» деді Илья Скуб.

Оның айтуынша, елорданың еңбек нарығындағы жағдай тұрақты және қатаң бақылауда. Жұмыссыздық деңгейі – 4,4% (елде – 4,6%). Есеп беру кезеңінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен 10 052 адам, оның ішінде 5 117 жас қамтылды. Соның ішінде тұрақты жұмыс орындарына 1 331 адам тұрғызылды. Қоғамдық жұмыстарға 2 522 адам, «Жастар практикасына» – 280 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына 202 адам тартылды. «Күміс жас» жобасына 565 адам, «Бастау бизнес» жобасы бойынша оқытуға 1 993 адам, сұранысқа ие дағдыларды онлайн оқытуға 985 адам қатысты. Әлеуметтік кәсіби бағдармен 2 056 адам қамтылды. Кәсіптік оқытуға 39 адам жіберіліп, грант – 61 адамға, бір реттік ваучерлер 23 адамға берілді.

Кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға әлеуметтік осал топтарға 65 грант мақұлданса, 61 грант алушыға төлем жасалды. Жалпы 125 адамға грант беру жоспарланған. «Электрондық еңбек биржасы» интернет-порталында 744 жұмыс беруші 7 125 бос жұмыс орнын орналастырды. Жұмыссыздардың мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында, соның ішінде жастар мен жеке санаттағы азаматтарды жұмысқа тұрғызу үшін 25 бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізілді. Өңірлік жұмыспен қамту картасын іске асыру шеңберінде 16 107 жұмыс орны құрылды. Оның 10 522-сі тұрақты болса, 5 585-і уақытша орындар).

Басқарма басшысының мәліметінше, Астана қаласында қандас мәртебесін алған 28 478 этникалық қазақтың 20 623-і Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданды. Осы жылдың басынан бері 411 адам қандас мәртебесін алды. Елорда бойынша 2025 жылға арналған шетелдік жұмыс күшінің рұқсат етілген шекті саны – 975 адам. Қазірге дейін шетелдік жұмыс күшін тартуға 970 рұқсат берілді.

2022 жылдың басынан бері барлығы 352 шетел азаматы (оның ішінде 54 кәмелетке толмаған азамат) босқын мәртебесін алуға өтініш білдірді.

«Қала мекемелері деңгейінде мемлекеттік органдардың құзыреті шегінде жедел әрекет етуді талап ететін мәселелерді шешу бойынша шаралар қабылдануда. «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығының алаңында мемлекеттік органдардың басшылары тұрақты түрде елорданың мұқтаж азаматтарына қабылдаулар өткізіп, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға қолдау көрсетуде» деп түйіндеді сөзін Илья Скуб.

#КЕРЕККЕҢЕС



БАЛАБАҚША МӘСЕЛЕСІ: АТА-АНАЛАР НАЗАРЫНА

Астанада ваучерлік қаржыландыру алгоритмі негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйымдарға топтарды жинақтау жалғасуда.

2 жастан 5 жасқа дейінгі балалар үшін 15 512 орын қарастырылған, оның ішінде:

- 2 жасар балалар үшін – 3057 орын;
- 3 жасар балалар үшін – 5680;
- 4 жасар балалар үшін – 4156;
- 5 жасар балалар үшін – 2619.

Елордада 653 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оның 99-ы – мемлекеттік, 551-і – жеке, 3-і – ведомстволық. Барлығы 66 281 бала мектепке дейінгі тәрбие және оқыту жүйесімен қамтылған.

Биыл қаңтар айынан бастап елордада ваучерлік қаржыландыру негізінде балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау бойынша қанатқақты жоба іске қосылды. Ата-аналар балабақшаны өз бетінше таңдауға және өтінімді онлайн режимінде орналастыруға мүмкіндік алды.

Жыл басынан бері 6703 ваучер беріліп, балалар балабақшаға сәтті қабылданды. Жаңа жүйенің арқасында мектепке дейінгі мекемелерге кезек 40 мыңнан 30 мыңға дейін қысқарды.

1 шілдеден бастап ваучерлерді бөлу кезегі жаңартылды.

АТА-АНАЛАР НАЗАРЫНА

- INDIGO жүйесінде жеке кабинетке кіру;
- өтініштің күйін тексеріңіз;
- баланың құжаттарын дайындау;
- мобильді қосымшаға тіркелу ed24.kz;
- балабақшаға қабылдау үшін қажетті медициналық анықтамаларды алдын-ала дайындаңыз.

Бұл қабылдау процесін жылдамдатады.

МАҢЫЗДЫ ШАРТТАР

Егер балабақшадағы вакцинациясыз балалардың үлесі 10%-дан асса, мекеме эпидемиологиялық қауіпсіздік мақсатында келесі баланы вакцинациясыз қабылдаудан бас тартады.

Қабылдаудан бас тарту ҚР Білім Министрінің № 372 бұйрығымен қатаң реттеледі.

Берілген құжаттарда қате болған жағдайда, өтінім түзету үшін INDIGO жүйесі арқылы ата-анасына қайтарылады. Бұл жағдайда қабылдау процесі тоқтамайды, түзетілгеннен кейін құжаттарды қайта тапсыруға болады.

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ

Елорданың алты ауданында ата-аналарға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында құрылған ваучерлік қаржыландыру бойынша консультациялық пункттер ашылды.

Консультациялық пункттердің телефондары:

Алматы ауданында: +7-705-873-0095, +7-701-240-5091, +7-702-437-7680, +7-701-522-2268.

Байқоңыр ауданында: +7-707-379-9769, +7-778-155-4847, +7-775-924-4299, +7-701-904-5470.

Есіл ауданында: +7-702-182-0768, +7-702-545-7566, +7-701-944-8312.

Нұра ауданында: +7-775-161-6699, +7-702-112-5645, +7-777-041-4241, +7-776-213-3231.

Сарыарқа ауданында: +7-707-227-9434, +7-747-683-7223, +7-776-112-0236.

Сарайшық ауданында: +7-777-987-41-63, +7-702-261-7945, +7-701-262-2929, +7-702-908-6777.

Қазірдің өзінде 7000-нан астам ата-ана мен бала қажетті көмек алды.

Пункттерде мына мәселелер бойынша түсініктемелер беріледі:

- ваучерге кезекке қою;
- орын алу;
- балабақшамен шарт жасасу.

Барынша ашықтықты қамтамасыз ету үшін ақпараттық порталда ашық деректер қолжетімді, соның ішінде:

- орындарды босату хаттамалары;
- жолдама беру хаттамалары.

ИНКЛЮЗИВТІ БАЛАБАҚШАЛАР

INDIGO электронды жүйесі арқылы ата-аналар тек қарапайым ғана емес, сонымен қатар мамандандырылған және инклюзивті балабақшаларға жолдама ала алады. Бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін мектепке дейінгі білімге қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Толық ақпарат пен көмек алу үшін төмендегілер ұсынылады:

— мобильді қосымшаны (ed24.kz) орнатыңыз;

— INDIGO жүйесінде жеке кабинетке кіру;

— бөлімдермен Астана қаласы Білім басқармасының ресми сайтында танысу.

Бетпе-бет көмек алуға болатын консультациялық пункттердің мекенжайлары да ведомствоның сайтында көрсетілген. Барлық ақпарат Білім басқармасының ресми сайтында (ed24.kz) жарияланады.

2025 жылы елордада 11 балабақшаны пайдалануға беру жоспарлануда: жергілікті бюджет есебінен 1500 орындық – 5, жеке инвестициялар есебінен 1094 орындық – 4, тұрғын ғимараттың бірінші қабатында 185 орындық балабақша, сондай-ақ 120 орындық жаңартылған ғимарат. Бұл балалар мекемелері 2899 орын құруға мүмкіндік береді.

Дайындаған **Шолпан АҚБАЛАЕВА**

Қайраткердің адірі кетті ме?

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Қазір бізде не көп, атақ көп. Атаққа құмартатын адамдардың саны да жеткілікті. Ал сол атақтар мемлекеттік, ведомстволық және қоғамдық болып бөлінеді. Солардың арасында, әрине, мемлекеттік марапаттардың бәсі бәрінен жоғары. Бірақ соны елеп, ескере қоймайтын біраз жұрт қай атаққа болсын ұмтылады. Адам салып алып жатқандар да баршылық. Содан кейде күлкі мен көпшіліктің наразылығын тудыратын жағдайлар орын алып жатады. Мұның екінші жағы да бар. Бұл – мемлекеттік марапатқа ие болған адамдарды қолдауға қатысты мәселе.



ТҰЛҒА МЕН ӘРТІСТІ ШАТАСТЫРМАЙЫҚ

Бірнеше жыл бұрын жасы сексеннен асқан көрнекті жазушы Софы Сматаев әлеуметтік желі арқылы Мемлекет басшысына хат жазды. Онда денсаулық жағдайын айтып, бұрын емделіп жүрген Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына қарайтын Орталық клиникалық ауруханасынан шығарып тастағанын жеткізді. Сол ауруханаға қайта тіркелу үшін Мемлекеттік сыйлықтың иегері немесе Қазақстанның Еңбек Ері атағын алуы керектігін жазды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 2023 жылы ширек ғасырлық үзілістен соң Қазақстанның халық жазушысы атағы қайта беріле бастады. Сол жылы бұл атақты алған қаламгерлердің қатарында Софы Қалыбекұлы да болды. Содан соң жазушы аталмыш ауруханаға қайта тіркелді. Осы сияқты реттелетін мәселелер әлі де бар. Соның ішінде кім-кімді болсын нақты бағалау үшін кезінде тоқтатылған атақтарды қайтару да маңызды.

Төрт жыл бұрын әйгілі әнші Нұрлан Өнербаевпен сұхбаттастық. Бұл сұхбат басылымымызға «Халық әртісі атағын қайтарған дұрыс» тақырыбымен шықты. Президенттің пәрменімен бұл атақ та қалпына келді. Осы жолмен Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағын да қайтарған дұрыс. «Неге?» дейсіздер ғой. Тарқатайық.

Биыл Қазақстанның халық әртісі атағын алғандардың қатарында әнші Әлішер Кәрімов те болды. Бұл жағдай әлеуметтік желілерде біраз пікірталас тудырды. Соның көпшілігі әншінің осы жоғары атаққа лайық емес екенін жазды. Өз пікірімізді айтсақ, иә, Әлішерге бұл атақ ертелеу берілді.

Еліміздің «Мемлекеттік наградалары туралы» заңы бойынша Қазақстанның халық әртісі атағы бұрын Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі немесе Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері құрметті атағына ие болған, Қазақстан Республикасының театр, цирк, музыка өнері мен кино өнерін дамытуға ерекше үлес қосқан адамдарға беріледі. Ал Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағын беру 1999 жылы тоқтатылды. Яғни жаңа ғасырда бұл атақ ешкімге берілмеді.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткеріне келсек, осы атақтың пайда болғанына биыл тура 30 жыл толып отыр. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлеріне, ғылым, мәдениет, өнер, өндіріс және әлеуметтік сала өкілдеріне республикаға сіңірген зор еңбегі үшін беріледі. Әлішер Кәрімов бұл атақты 2018 жылы иеленді. Бірақ қайраткер атағын әнші, күйші, бишіге, жалпы өнер адамдарына беру қаншалықты қисынды?

КІМ НАҒЫЗ ҚАЙРАТКЕР?

«Қайраткер» ұғымы қайрат, қайрат көрсету секілді сөздерден шығып тұрғаны анық. Яғни Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атағына ие адам шын мәнінде тұлға болып танылып, ел, мемлекет мүддесі дегенде жанып тұруы керек. Ал өнерпаздар, әсіресе, эстрада әншілері отаншылдық тақырыптағы әндерді шырқағаны болмаса, қай жерде мемлекет мүддесін қорғаған еді? Көпке топырақ шашпайық, ондайлар бар шығар, бірақ өте сирек.

Біздіңше, қайраткер деп кешегі Желтоқсан көтерілісіне қатысып, сотталған композитор Хасен Қожа-Ахметті атауға болады. Сол Желтоқсан оқиғасынан кейін іле-шала Қазақстан коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Геннадий Колбиннің алдында қасқайып сөйлеп, қазақ жастарын қорғаған көрнекті ақын, биыл туғанына 105 жыл толып отырған Жұбан Молдағалиевті қайраткер десек жарасады. Жұбан ақынды қазір Халық қаһарманы атағына ұсынып жатыр. Өте дұрыс деп есептейміз. Ал Әлішер Кәрімов секілді әншілерге Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағы берілсе, ешкім ештеңе дей қоймас. Бұл жігіт кезінде еліміздің атынан «Славян базары», «Ереван шақырады», Юрмаладағы «Жаңа толқын» байқауларына қатысып, жүлделі орындарды алды. Елге еңбегі сіңгені рас. Бірақ әртістің аты – әртіс.

Қазір Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атағы кім көрінгенге беріліп, бұл атақтың да, «қайраткер» ұғымының да қадірі кетіп барады. Шын мәнінде елге сіңірген еңбегіне сай, тұлға атына лайық адамдарға берілсе – әңгіме басқа.

ЖАРЫЛҚАП ПЕН ЖАРҚЫНАЙДЫ ТЕҢЕСТІРДІК ПЕ?

Таяуда Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай қаламы қарымды қаламгер Жарылқап Бейсенбайұлы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атанды. Көрнекті ақын Жұматай Жақыпбаевтың жырындағыдай, бұл «Майданнан соң иесін әзер тапқан ордендей» жағдай болды. Соны жампоз журналистер Қали Сәрсенбай мен Қайнар Олжай әлеуметтік желіде атап өтті.

Иә, Жарылқап Бейсенбайұлы жарты ғасыр бойы қазақ баспасөзінің отымен кіріп, күлімен шықты. Басқасын айтпағанда, биыл 35 жылдық мерейтойын атап өтіп жатқан «Ана тілі» газетінің жарық көріп, қалыптасуына зор үлес қосты. Осы басылымның алғашқы бас редакторы болды, оншақты жыл ішінде оны нағыз ұлттық басылымға айналдырып, таралымы 100 мыңнан асты. Шоқантанудағы еңбегі – бір бөлек дүние. Осы уақытқа дейін атақ қумады, атақ оны өзі іздеп тапты. Қали Сәрсенбай жазғандай, сонау кеңес заманында алған Қазақстан комсомолы сыйлығынан кейін алып жатқан атағы осы шығар.

Жарылқап аға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерін сексеннің сеңгіріне жақындағанда бір-ақ алып отыр. Одан әлдеқайда жас, бейнелеп айтқанда, «бала-шаға» бұл атақты жылда иеленеді. Мәселен, биыл әнші, актриса Жарқынай Ханайым алды. Бұл қандай қайраткер, әртіс емес пе? Осындай келеңсіздік Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағының жоғынан орын алып отыр. Бұл – Жарылқап Бейсенбайұлы мен Жарқынайдың еңбегін теңестіргендей жағдай.

Мынаны да айта кетейік, бұрын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атағының иегерлеріне берілетін жеңілдіктер бар еді. Соның бастысы – Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына қарасты денсаулық сақтау мекемелеріне тіркеліп, тегін қаралып, емделу, денсаулығын нығайту. Бүгінде ол жоқ. Ал бұл атаққа ие Жарылқап Бейсенбайұлы секілді қаншама қарт бар. Жастарға денсаулыққа қатысты жеңілдік керек емес, ал жасы келіп қалғандарға, әрине, қажет. Сонда қарт Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлеріне не істеу керек, тағы қанша күту керек? Бұл да реттейтін мәселе. Себебі аталған атақ – мемлекеттік. Мемлекеттік марапаттарды қадірлеу керек. Ал сондай атақтың өзінің қадірі болмаса, оны кім қадірлейді?..

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 12 тамыз сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. Сарайшық ауданы, А91 және А125 (жобалық атаулар) көшелерінің қиылысы ауданында, «Бизнес орталық» 7-қабат орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «Ак Керуен» ЖШС;

2. Сарайшық ауданы, Ж.Нәжімеденов және В-8 (жобалық атауы) көшелерінің қиылысы ауданында, «Детейлинг орталығы бар көпфункционалды кешенді» орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «NMD Investments»;

3. Алматы ауданы, Қажымұқан көшесі, 8а ауданында, «Қосымша сауда үйін» орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «Түркістан сауда 2005» ЖШС.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде n.seitzhaparov@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

Қазіргі уақытта ұшқышсыз ұшу аппараттары (дрондар) азаматтық салада белсенді қолданылып жатыр және тауарларды жеткізу, әуе такси секілді бағыттарда үлкен әлеуетке ие. Бұл бағыт, сөзсіз, қазіргі заманның жаңа нанотехнологияларының, жасанды интеллектінің және инклюзивті қоғамның дамуымен тығыз байланысты болғандықтан дамуы тиіс.

ДРОНДАРДАН ҚАНДАЙ ҚАУІП БАР?

Алайда мұндай технологиялардың бейбіт мақсаттан шығып, қылмыскерлердің қолына қару боп түсу қаупі бар. Кез келген көпшілік шарада – концерт, футбол матчы немесе шоу кезінде халықтың үстінде қалықтап жүрген «ойыншық» дронның ішінде қауіп жасырынуы мүмкін екенін елестетіп көріңіз. Ондай жағдайда мыңдаған көрерменді эвакуациялау мүмкін болмай қалады, ал салдары орны толмас апатқа әкелуі мүмкін. Сондықтан дрондарды өндіру, сақтау және пайдалану жүйелерін лицензиялаумен және есепке алумен қатар, бұл саланы қатаң реттеу – аса маңызды әрі кезек күттірмейтін мәселе.

Халықаралық қауымдастық та ұшқышсыз аппараттарды мақсатсыз пайдаланудың алдын алу үшін белсенді шаралар қабылдап жатыр. Мысалы, АҚШ-та 250 грамнан асатын әрбір дронда Remote ID жүйесі бар: ол дронның сериялық нөмірін, координатасын және оператор туралы мәліметті онлайн түрде таратады. Сонымен қатар АҚШ билігі мемлекеттік органдардың рұқсатсыз дрондарды анықтау мүмкіндігін кеңейтуді және сертификатталған өндірісті ынталандыруды қолға алған. Осындай алдын алу шаралары – дрон түйіндерінің цифрлық таңбалануы, ұшу деректерін жазатын «қара жәшіктердің» енгізілуі – Еуропа Одағы, Ұлыбритания, Австралия мен Канадада қабылданып жатыр.

Қазақстанда 250 грамнан асатын, камера немесе сенсормен жабдықталған дрондарды есепке қою міндетті екені анық. Сондай-ақ дрондарды пайдалану бойынша бірқатар шектеу бар. Алайда іс жүзінде бұл шаралар тиімді жұмыс істемейді. Кез келген ойыншықтар немесе технологиялық дүкеннен салмағы 15 килограмға дейінгі дронды еш кедергісіз сатып алуға болады. Яғни қазіргі реттеу тетіктері қарқынды өзгеріп жатқан шынайылыққа толық сәйкес келмейді.



Remote ID жүйесінің жоғы, шағын дрондарға бақылаудың әлсіздігі, өндірушілерге лицензия берудің міндетті болмауы дрондарды заңсыз құрастыру мен қолдану үшін қолайлы жағдай туғызып отыр. Жасанды интеллектінің дамуы нәтижесінде кез келген дронды адамның қатысуынсыз-ақ белгілі бір заңсыз әрекеттерге бағыттап, автоматтандырылған түрде қолдануға болады.

Қауіптің алдын алып, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мынадай нақты іс-шараларды қолға алуды ұсынамын:

1) 250 грамнан асатын барлық дронға Remote ID жүйесін енгізу.

2) Ұшу тарихын есепке алуды кеңейту үшін «қара жәшіктерді» енгізу мен деректерді беру және өңдеу жүйесін дамыту.

3) Дрон өндірушілерге лицензия беруді енгізу және негізгі құрамдас бөліктерді міндетті түрде бірегей таңбалаумен қамтамасыз ету.

4) Дрондарды заңсыз құрастыру мен қолдану бойынша әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті күшейту.

Дер кезінде қабылданатын теңгерімді іс-шаралар азаматтарымыздың қауіпсіздігін едәуір арттырып, қайғылы оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,
Мәжіліс депутаты

№84 (4828) 19/07/2025 Сенбі

«АСТАНА АҚШАМЫ» – 35

СЫН САҒАТТА СЕРІК БОЛҒАН...

Жылдың алғашқы санында сол кезеңдегі бағаны ырықсыздандыру мәселесіне мән беріпті. Шын мәнінде тауардың бәсі артып, базардың бағасы ушығып тұрғанын кеңестік түйсікпен түсіну қиын еді. Бұл істе қалалық ІІБ Социалистік меншікті талан-таражға қарсы күрес бөлімі аянбай күрескен.



БҮГІН БАҒА МЫНАДАЙ...
1992 жыл, 9 қаңтар

Газетте жарияланған Целиноград қалалық ішкі істер бөлімінің милиция капитаны А.Лукиннің есебінде, алыпсатар аталған қазіргі ұғымымыздағы «кәсіпкерлердің» әрекеті айтылады. Көп ретте ұсталған азаматтар заң бұзғандығын мойындамай қатерлі қарсылық көрсеткен. Тәртіп сақшылары дүкендерден 9 сом 10 тиынға алған бір шөлмек арақты 35-50 сомға дейін бағасын көтеріп сатқандарды ұстап отырған.

КҮЙЗЕЛІСТІҢ ШЕГІ БОЛА МА?
1992 жыл, 12 қаңтар

Екінші қаңтардан бастап бағаны еркімен жіберген Ресей мемлекетінен сәл кейін Қазақстан да бағаны босатқан. 6-шы қаңтар күні дүкенге келген сатып алушылар бағаның шарықтап күрт көтерілгеніне таңданып шалқасынан түсе жаздады. Соңғы кездері көп айтылып жүрген «шоковая терапия» деген сөз өз мағынасын толық айқындаған сияқты. «Қорқыт, қорқыт дегенде дәл осылай деп пе едім» деп уәж айтқан Қожекең секілді біз бағаны ырықтандыруда тап осылай баға боларын күтпеп едік.

АТЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН, АҚМОЛА
1992 жыл, 30 қаңтар

«Ақмоланы Хрушевтың бір сөзімен Целиноград деп бір күнде өзгертіп жіберді. Халықтың пікірімен санаспай өзгертілген атты қайтадан Қазақ Республикасының Жоғарғы Кеңесінің шешімімен қайтару керек. Бұрынғы жылдары осыны ашық айтуға жасқанғанымыз да шындық. Ол уақытта айтсақ, біздің сөзімізге ешкім құлақ аспайтын еді. Енді тәуелсіз мемлекет болып отырған жағдайда өз қалаларымыздың атауын қаулының күшімен-ақ өзгертуге болады» деп ұсыныс айтады.

БҰРЫМЫҢ ҚАЙДА, БОЙЖЕТКЕН?
1992 жыл, 13 ақпан

13 ақпанда жарияланған мына мақаланың келесі жолдары жүректен шығып жүрекке жетті. Гүлмира есімді автор, «...қыздың шашы желкесінен шорт кесіліп қиылып жерге түскенде ішім у ішкендей ашып кетті. Шаштараз тек қыздың шашын емес, сонымен бірге оның бойындағы әдептілік пен нәзіктікті де қиып тастағандай болды... Біздің заманымызда жаяу кісі жатып, аттылы адам жерге түсіп қарайтын қос бұрымды арулар бұл күнде кемде-кем» (екі қарттың әңгімесінен).

БӨЛЕКБАЕВ ТУРАЛЫ БӨЛЕК СӨЗ

2013 жылы 26 желтоқсанда Астана қаласындағы Жастар сарайында саяси және қоғам қайраткері, Целиноград қаласының алғашқы әкімі Аманжол Бөлекбаевты соңғы сапарға шығарып салу рәсімі өтті. Ол – саналы ғұмырын елорданың дамуына арнаған, қайта құру кезеңінде дауылдың алдында жүрген мемлекет қайраткері.

Ол 1941 жылы 1 қаңтарда туған. 1981 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтының механикалық факультетін бітірген. 1987 жылы Целиноград



1992 жыл, Ақмола. Бейбітшілік көшесі, 22, облыстық саяси-ағарту үйіндегі «Ақмола ақиқаты» газетінің редакциясы



қалалық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалып, 1992-1997 жылдар аралығында Ақмола қаласының әкімі, Ақмола арнайы экономикалық аймағының төрағасы болған. ҚР Парламенті екінші шақырылымында Сенат депутаты болып сайланған. Ол «Құрмет белгісі», «Құрмет» ордендерімен марапатталып, Астана қаласының құрметті азаматы атанған ерекше тұлға.

сарынмен жазылған мақалаға берген өткір жауабын былайша тарқатады. «Мен казактардың Қазақстан тарихындағы орны туралы тоқталмақ емеспін. Тоқталар болсақ, қазақ халқын қан қақсатқан деректі көптеп келтіруге болар еді. Кесіп айтарым: Ақмола топырағында әскери отрядтар құрып, қару-жарақ асынып жүруіне қала басшысы ретінде жол бере алмаймын, станицалық мырзалар!» деп жазады.

«ЛАД» ДЕГЕН ЖІК ШЫҚТЫ...
1992 жыл, 8 ақпан

«Иә, еріккен бәз біреулердің біздің мемлекетіміздегі сүттей ұйыған тыныштықты бұзуға бағытталған ойсыз әрекеттерін қалай бағалауға болады?» деп «Егеменді Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Мұратбек Тоқтағазы облыс, қала басшылығына сауал қояды.

да: «Ақпан айының соңғы аптасында халық депутаттары қалалық сессиясының кеңесі болып өткені баршамызға аян. Ондағы қаралған өзекті мәселелеріміздің бірі қаламыздың тарихи атауын қайтару туралы болатын. Өкінішке қарай, халықтың ынтыға күткен хабары сәтсіздікпен аяқталды. Себебі «Лад» қозғалысының көсемі В.Михайлов деген бүйректен сирақ шығарып, арамызға іріткі салып, лаң туғызып, халықты екі жікке бөліп қойды. Тегі арамыздағы Михайлов сияқты арам ниетті ел бүлдіргіштерді аластамай тұрып, жетім балаша жалтақтамай күн көреміз деу бекер».

1992 жыл, 12 наурыз

Қала басқару жүйесіндегі жаңа тағайындаулар мен өзгерістер туралы «Ақмола ақиқаты» газеті «Жаңа билік білікті болса» деп жазыпты. «Сонымен қаламызға жаңа басқару жүйесі келіп, әкіміміз атқа қонды. Үш-төрт жыл көлемінде неше рет өзгеріп, тығырыққа тірелген билік о басында екі адамның қолында болса, енді келіп республика Президентінің өзіне тікелей бағынып, барлық жарлық пен құжатты бақылауға алып, іс жүзінде асыратын жеке әкімшілдік жүйе орнықты» деп қала басшылығының қысқаша өмірбаяны мен тікелей жауапкершілігіне қатысты мәліметті беріпті.

ТҮЛЕКТЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ
1992 жыл, 7 мамыр

Мектепті биыл бітіретін оқушылардың ата-аналарының және олардың мұғалімдерінің көптеген өтінішіне байланысты қала әкімі «Продтовары» және «Обувь» бірлестіктеріне ерлер мен әйелдерді костюмдерін, көйлектерін киім тігуге қажетті маталар, аяқ киімдердің қорын жинауға және оларды мектеп түлектеріне арнаулы тізім бойынша сатуға рұқсат береді» деп хабарлайды қала әкімшілігінің баспасөз орталығы.

1992 жыл, ақпан

Осыдан тура бір ай бұрын, 1992 жылы 9 қаңтарда жарияланған Аманжол Бөлекбаевтың «Ермак» атты Сібір казактары жерлестігі бюллетенінде жариялаған, тарихты білмесең, білгіш казактардан үйрен деген

1992 жыл, 14 наурыз

Жазылған жайдың жаңғырығы ретінде тағы да «Ладтың» лаңы туралы айтылады. «Арандатуға жол бермейік» деген атпен жазылған хабар-



ҚАРАӨТКЕЛДЕГІ ЕҢ КӨНЕ ҒИМАРАТ

Астана тарихының кәсіби тарихшылар мен өлкетанушылар бас қосып шешетін құпия жұмбақтары көп. Сонымен бірге тарихшылардың көздері жеткен, анықтаған мәселелерін қоғам болып қолдап, ұлттық-мемлекеттік сананы қалыптастыруға пайдалану жетіспейді.

Мысалы, бүкіл ортағасырлық және жаңа заманда әлем білетін, мыңдаған жылдар бойы қазақ даласындағы негізгі географиялық нысан қызметін атқарған Қараөткелге арналған белгі жоқ. Ең болмағанда, тарихи өткелдің аузына ескерткіш тақта орнатылмаған.

Кенесары көшесі сол Қараөткелден басталады, неге қала әкімшілігіне сол жерге сәнді бір ескерткіш орнатпасқа?!

Басты тақырыбымызға келейік. Сонымен қазіргі күні астаналықтардан, жалпы қазақстандықтардан «біздің байтағымыздың ең көне ескерткішін білесіз бе?» деп сұрайық. Жұрттың көпшілігі астана іргесіндегі Бұзоқты айтатыны сөзсіз. Иә, Бұзоқ ортағасырлық отырықшылық мәдениеттің ескерткіші, ежелгі Қараөткелдің ғұрыптық орталығы, бірақ Бұзоқ – қаладан сәл бөлек орналасқан елді мекен. Ал енді шынына келсек, Астананың ең ескі құрылыстары қаланың өз ішінде, ескі қаланың орталық бөлігі, соның ішінде Кенесары көшесі бойында болған. Оған себеп Қараөткел қаласы өткелдің арқасында пайда болды. Түркістаннан, Бұхар мен Хорезмнен, Қашғариядан, яғни оңтүстік жақтан келген керуендер Есілді Қараөткелден өткен соң қостарын тіге бастайтын. Қараөткелден өтіп алған соң, керуен басылар түйедегі, арбадағы жүкті түсіреді де, саудасын бастап кетеді. Солтүстіктен сонау Астрахан, Қазан, Уфа, яғни Еуропадан Есілді өрлеп келе жатқан керуендермен екі жақ болып қазіргі Кенесары көшесінің бойында табысады. Ібір-Сібірден келген сауда керуендері де Есілдің жағалауына тоқтап, бір демалып алады. Кей жағдайда оңтүстік және солтүстік керуендері осы жерде өз тауарларын айырбастап, еліне қарай қайта беретін. Қазіргі Кенесары көшесі бірнеше жүздеген, тіпті мыңдаған жылдар бойы сауданың қайнаған ортасы болды. Қараөткелден бастап Ащыөзекке (Соляная балка – Гребной канал – Ақбұлақ) дейін созылған Кенесары көшесі ол кезде Үлкен базар көшесі аталады. Сауданың нағыз қайнаған жері Кенесары мен Бейбітшілік көшелері қиылысатын алаң ол кезде Кіші базар көшесі аталады. Бұл мәселе – Керуен сарай ерте заманда салынды деуімізге ең бірінші себеп. Қараөткел атауы Еуразия саудасына қатысы бар саудагер қауымдарының бәріне де таныс болды.

Сонымен бірге сауда керуендерімен бірге елшіліктер жүретінін де айту керек. Елшіліктерді әдетте өте лауазымды, хан-патша сарайларында қызмет жасайтын адамдар басқаратыны белгілі. Мысалы, қазақ хандары шет елдерге аттандырған елшіліктерді аталықтар әулетінің өкілдері бастайтын. Елшіліктердің құрамында кей жағдайда басшысы бар, қосшысы бар жүздеген адамдар болады. Керуен сарай қалай пайда болды? Әрине, елшілік өкілдеріне де, ірі саудагерлерге де күтім керек, осылайша керуен жолдарының бойында Керуен сарайлар салына бастады. Егер сіз ұлы меридиан жолы бойын жақсылап зерттесеңіз, әр 25-50 шақырым сайын бекет орындары мен керуен сарайлардың қирандыларын көресіз.

Қараөткел қаласы да алғашқыда Керуен сарайдан басталғанына жоғарыдағы дәлелдеріміз жеткілікті деген пікірдеміз. Керуен сарай – алдымен қонақ үй, одан кейін тауарларды сақтайтын қойма, одан кейін сауда орны болды. Жергілікті өлкетанушылардың ертеректе Қараөткелде кездейсоқ қазба жұмыстарының кезінде құбыр фрагменттері табылғанын баяндауы тегін емес. Құбыр жүйесі Қараөткелде Керуен сарай ғана емес, сонымен бірге қалалық қоныстың пайда болғанын білдіреді.

Осылайша Қараөткелдің ең көне ескерткіші Керуен сарай екені мағлұм болды. Ресей осы жерге келіп, бекініс қорғанын салған соң, Керуен сарайды «Гостиный двор» деп атады. Егер сіз XIX ғасырдағы Қараөткел қаласына қатысты құжаттарды қарасаңыз, Керуен сарайды «Гостиный двор» атауымен кездестіресіз. XX ғасыр басындағы қала фотосуреттерінің ішінен бір қабатты үлкен үйді және ол үйдің маңдайшасындағы «Қосшығұлов және К» деген араб әрпімен жазылған жарнаманы көруге болады, ол – ежелгі Керуен сарай. Керуен сарайдағы негізгі дүкендер I гильдия (gilde – бір мамандық өкілдерінің ұжымы, корпорация) көпесі Баймағамбет Қосшығұловтың қарамағында болды.

Қараөткелдің орталық бөлігінде салмақты зерттеу жұмыстары жүргізілсе, Керуен сарайдан басқа да егінші, қолөнерші, саудагер қауымдардың үй-жайларының орны, сауда ғимараттары, мешіт т. б. табылатыны сөзсіз. Бұл зерттеуді біз Астананың ең көне ғимаратының қабырғасына «бұл жерде ежелгі замандардан бері Керуен сарай болды» деген ескерткіш тақтадан бастауымыз керек!

«Қараөткел құпиялары» кітабынан

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 15.07.2025 №510-2315

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексі 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – құрылыс салушы) мүддесінде қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «МТҚБ Автошаруашылығы газбен жабдықтау» объектісін төсеу және пайдалану үшін Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Е128 (жобалық атауы) көшесі бойында, Қорғалжын тас жолынан «МТҚБ Автошаруашылығы» РМК қазандығына дейін мекенжайында орналасқан ауданы 1,5505 га жер учаскелеріне 3 (үш) жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. Құрылыс салушы осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, меншік иелері мен жер пайдаланушыларға көрсетілген жер учаскелеріне шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу және көрсетілген жер учаскелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау мерзімдері туралы жазбаша хабарлама жолдасын.

3. Құрылыс салушы жер учаскесін пайдаланғаны үшін (қауымдық сервитут) он жұмыс күні ішінде «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 0,2099 га мемлекет меншігіндегі жерлерге жер учаскелеріне қауымдық сервитут шартын жасасын.

4. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «15» 07
№510-2315 қаулысына
қосымша

Шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) орнатылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі / жер пайдаланушы	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	5	6	7	8
2	21-335-141-116	“Samruk-Kazyna Construction” АҚ	351	Астана қ., Нұра ауд., Е 128 к-сі, 20 уч.	коттедж үлгісіндегі үйлер кешенін салу	Жеке меншік
3	21-320-141-576	“City Transportation Systems” ЖШС	2141	Астана қаласы, Нұра ауданы, Е 517 көшесі, 11-уч.	ауыл шаруашылығы өндірісі	Жеке меншік
4	21-320-141-673	АО “Банк Астаны”	9519	Астана қаласы, Нұра ауданы, Е 689 көшесі, 1/1 учаскесі	ауыл шаруашылығы өндірісі	Жеке меншік
5	21-335-141-945	«Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы “ ММ	688	Астана қ., Нұра ауд., Е 128 к-сі, 18 уч.	автомашиналарға арналған автоматты жууды пайдалану	Жеке меншік
6	21-335-141-946	« Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы “ ММ	707	Астана қ., Нұра ауд., Е 128 к-сі, 18а уч.	автономды қазандықты пайдалану	тұрақты жер пайдалану

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 15.07.2025 №510-2346

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көліктегі полиция департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көліктегі полиция департаменті РММ әкімшілік ғимараты» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, Сарайшық ауданы, А103 және А111 (жобалық атаулары) көшелерінің қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 3,1477 га, жер учаскелері 2025 жылғы 13 қазаннан бастап 2026 жылғы 13 қазанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «15» 07
№510-2346 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
2	21-318-145-887	«Absolut Stroy» ЖШС	22434	12713	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 128 көшесі, 40-уч.	ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жеке меншік
3	21-318-145-851	«Absolut Stroy» ЖШС	29881	18600	Астана қаласы, Алматы ауданы, А 128 көшесі, 11-уч.	ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жалпы үлестік меншік

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 15.07.2025 №510-2347

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының «Сарыарқа» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне қосымшаға сәйкес «Қоғамдық кеңістікті абаттандыру» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, М. Әуезов көшесі, №15/1 үй ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,0168 га жер учаскелері 2025 жылғы 13 қазаннан бастап 2026 жылғы 13 қазанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «15» 07
№510-2347 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	21-319-147-1131	«Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММфф	1200	365	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Көктал т.а., Қарасу көшесі, 32д уч.	Автобустарға арналған бұрылыс-бұрылыс алаңын орналастыруға арналған учаске (қоршау және құрылыс құқығынсыз)	12.07.2027 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеусіз жер пайдалану
2	21-319-147-988	Амиржанов Ержан Жасуланович	1000	1000	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Көктал т.а., Ұлытау көшесі, 46-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 15.07.2025 №510-2345

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Көше» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Ақын Сара және Қарашаш ана көшелерінің қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,1046 га, жер учаскелері 2025 жылғы 13 қазаннан бастап 2026 жылғы 13 қазанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «15» 07
№510-2345 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
2	21-319-027-604	Головко Леонид Иванович	24	19	Астана қаласы «Сарыарқа» ауданы, Абай даңғылы, 71, 132-үй	гаражды пайдалану	Жеке меншік
3	21-319-027-786	«Astana Group Invest» ЖШС	1051	3	Астана «Сарыарқа» ауданы, М. Әуезов көшесі, 15/1 үй	автотұрақ гаражын пайдалану	Жалпы үлестік меншік
4	21-319-027-603	Иванов Виктор Валерьевич	20,2	20,2	Астана «Сарыарқа» ауданы, Ж. Омарова, 64 үй, 1 гараж	гаражды пайдалану	Жеке меншік

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 15.07.2025 №510-2348

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған оңалту орталығы» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Көктал тұрғын алабы, Ұлытау және Баршын көшелерінің ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 2,4283 га, жер учаскелері 2025 жылғы 13 қазаннан бастап 2026 жылғы 13 қазанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «15» 07
№510-2344 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	21-320-109-1207	«Компания Стройцентр Астана» ЖШС	658	647	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Қорғалжын тас жолы, 5Т құрылысы	Кіріктірілген үй-жайлары, паркингі және қонақ үйі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу және пайдалану	жеке меншік

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 15.07.2025 №510-2349

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған оңалту орталығы» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Көктал тұрғын алабы, Ұлытау және Баршын көшелерінің ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 2,4283 га, жер учаскелері 2025 жылғы 13 қазаннан бастап 2026 жылғы 13 қазанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «15» 07
№510-2349 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	21-319-147-1131	«Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММфф	1200	365	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Көктал т.а., Қарасу көшесі, 32д уч.	Автобустарға арналған бұрылыс-бұрылыс алаңын орналастыруға арналған учаске (қоршау және құрылыс құқығынсыз)	12.07.2027 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеусіз жер пайдалану
2	21-319-147-988	Амиржанов Ержан Жасуланович	1000	1000	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Көктал т.а., Ұлытау көшесі, 46-үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік

№84 (4828) 19/07/2025 Сенбі

ҮЗДІК АКТЕР АТАНДЫ

Жуырда елорданың «Жастар» театрының актері Бахыт Қажыбаев Қытайдың Чунцин қаласында өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің халықаралық кинофестиваліне қатысып, «Набат операциясы» көркем фильміндегі басты рөлі үшін «Үздік актер» аталымын жеңіп алды.



Шынайы оқиға желісімен түсірілген бұл фильм Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілді. Фильмнің қоюшы режиссері – Рашид Сүлейменов. Қоюшы операторы – Ернұр Рыспаев. Сценарий авторлары – Рашид Сүлейменов, Илхам Джалилов, Рустам Азаматов.

Аталмыш туынды 1992 жылдың 22 ақпанында орын алған қылмыстық оқиға туралы баяндайды. Қызылорда-Сарыағаш бағытымен шыққан автобустағы 30 жолаушыны түрмеден қашқан 5 қылмыскер кепілге алады. Фильмде басты кейіпкердің бірін Бақыт Қажыбаев сомдайды.

Актер көпшілікке «Ахмет. Ұлт ұстазы» және «Міржақып. Оян қазақ» фильмдері арқылы таныс. Қос туындыда да ол Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының бейнесін сомдады. Ал театрға келсек, 2007 жылдан бері астаналық «Жастар» театрының әртісі. Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын «Драма және кино актері» мамандығы бойынша Нұрқанат Жақыпбайдың шеберханасын аяқтады. Астанада ұстазы ашқан аталмыш театрдың құрылуына атсалысты. Содан бері сахнада көптеген бейнені кескіндеді. Соның ішінде Ғабит Мүсіреповтің «Қозы мен Баян» мюзиклінде Қодарды, У.Шекспирдің «Асауға тұсау» комедиясында Петручионы, Талаптан Ахметжанның «Сұлу мен суретші» ноктюрнында суретшінің және т. б. кейіпкерлерді ойнады.


СЕУЛДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СПЕКТАКЛЬГЕ ҚАТЫСТЫ

Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында өткен «Париждегі екі әйел» атты халықаралық спектакльдің премьерасына елордалық актерлер де қатысты.



2025 жылдың қаңтар айында Оңтүстік Кореяның PIAC (ПИАК) театр компаниясының арт-директоры және өкілі, режиссер Ра Джин-Хван мырза «Париждегі екі әйел» спектакліне кастинг өткізу мақсатында Астана қаласына іссапармен келді. Нәтижесінде Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асылбек Қапаев пен актриса, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Ақмарал Танабаева іріктеуден өтті. Актерлер мамыр айынан бастап екі ай бойы Сеул қаласында дайындық жұмыстарына қатысты. Халықаралық жобаға Оңтүстік Корея, Қазақстан және Ресей елдерінің өнерпаздары бірлесіп атсалысты.

Қойылымның негізі – екі әйелдің тағдыры: Корей өнеріндегі алғашқы феминист, суретші Ра Хе Сок пен А.Чеховтың әйгілі «Шие бағы» пьесасындағы кейіпкер Раневская. Бұл бейнелер қазіргі заман тұрғысынан қайта интерпретацияланып, көрерменге ұсынылды. Оқиға 1937 жылғы тарихи зұлмат кезеңді арқау етіп, ұлт болмысы мен жеке тағдырлар қиылысында өрбиді. Спектакльде бірнеше рөлді сомдаған Асылбек Қапаев – «Қазақ» рөлімен қазақ халқының жинақталған образын және А.Чеховтың «Шие бағы» пьесасындағы кейіпкерлері Лопахин, Яша образында, Ақмарал Танабаева – «Айша» рөлімен қазақ әйелінің рухани бейнесін және әкесі кәріс, анасы орыс, екі мәдениеттің тоғысындағы Аглая, «Шие бағы» шығармасындағы Варя кейіпкерлерін сомдайды. Жобаның мақсаты – Қазақстан, Корея және Ресей елдері арасындағы мәдени байланыстарды нығайту, тарихи жадыны жаңғырту және әр халықтың рухани кодын сахна арқылы таныту болды. Спектакльді алдағы уақытта Астана мен Мәскеу қалаларында қою жоспарға енгізілген.



ПАРА ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ӨТЕДІ

Астанада биыл 30 шілде мен 3 тамыз аралығында Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайында ITTF World Para Challenger Astana 2025 турнирі өтеді. Бұл – әлемдік пара үстел теннисі рейтингіндегі маңызды, екінші деңгейлі халықаралық дода.

Халықаралық үстел теннисі федерациясының (ITTF) күнтізбесіне енген бұл дода – 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін Паралимпиада ойындарына және әлем чемпионатына іріктеу турнирі болып саналады. Рейтингтік жарысқа 15-тен астам елдің 138 спортшылары қатысады. Олар жеке және жұптық сында шеберлік байқасады. Ел намысын қорғау үшін Астана қаласынан 9 спортшы бақ сынайды.

БЕЙНЕРОЛИКТЕР БАЙҚАУЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

Астана қаласының Бірлескен мұражайлар дирекциясына қарасты Тарихи-мәдени мұра объектілерін және ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз ету орталығы ұлы Абайдың 180 жылдығына орай шығармашылық бейнероликтер байқауын жариялады.

Байқаудың мақсаты – Абай шығармашылығын насихаттау, жастардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, рухани мұрамызды қазіргі заман тілімен жеткізу. Бейнеролик ұзақтығы 1,5 минуттан (90 секундтан) аспауы керек. Бейнежазба Абай Құнанбайұлының бір шығармасына арналуы тиіс. Қатысушы өзі таңдаған өлең, қара сөз, ән немесе күйдің мағынасын ашатындай шығармашылық жұмыс ұсынуы қажет. Материалдың мағыналы, сапалы, және эстетикалық талаптарға сай болуы талап етіледі.

Қатысушы өз парақшасына видеоны салып, міндетті түрде #Абай180жыл хэштегін қоюы, @astana.madeniet, @monuments_of_astana, @Joshy_qazaq_national_group аккаунттарын белгілеуі қажет.

Жеңімпаздар қаралым саны, ұнату (like) саны және мазмұнның тереңдігі бойынша анықталады. Қазылар алқасы видеоны шығармашылық идея, орындау шеберлігі, мазмұны мен танымдық деңгейі бойынша бағалайды.

Бас жүлдеге Ұлттық өнер музейінің шеберлері @Joshy_qazaq_national_group ұжымы жасаған Абай Құнанбайұлының өзі ұстаған домбырасының көшірмесі сыйға беріледі. Арнаулы жүлделер де қарастырылған.

Жұмыстар 1 тамызға дейін қабылданады. 5 тамыз күні Отырар көшесі 1/2 мекенжайында орналасқан Ұлттық өнер музейінде жеңімпаздарды марапаттау салтанаты өтеді.

Толық ақпарат және сұрақтар үшін +7 700 330 0904 нөміріне хабарласуға болады.

МУЗЕЙГЕ ЕҢБЕГІ СІҢГЕНДЕР КӨРМЕСІ

Елордадағы Сәкен Сейфуллин музейінде Жұмысшы мамандықтар жылы аясында «Ер дәулеті – еңбек» атты фотокөрме қойылды.



Көрме көрерменге музей қызметінің көп қырлы табиғатын танытып қана қоймай, осы салада ұзақ жыл адал еңбек еткен жандардың үлгілі жолын жастарға өнеге етуді мақсат етті. Соның ішінде ұлт руханияты мен мәдени мұрасын сақтау жолында қажырлы еңбек еткен музей қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге арналды. Олардың қатарында Молдахмет Досаев, Роза Асылбекова, Күлбағила Бейсекеева, Несіпбек Айтұлы бар.

Мәселен, Сәкен Сейфуллин музейінің тұңғыш директоры Роза Асылбекова руханият ордасының ашылған күнінен бастап қатарынан 14 жыл басқарды. Ақын мұрасын суығына тоңып, ыстығына күйіп қызғыштай қорғады. Музей жұмысының қарқынды жүруіне ерекше үлес қосты.

Көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы да аталмыш музейді көп жыл басқарды. Қайтыс боларынан аз уақыт бұрын ғана қызметінен босап, мәдени ошақтың дамуына мол еңбек сіңірді.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 84
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ